

«Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешімінің жобасына салыстырмалы кесте

| Р/с № | Құрылымдық бөліктері | Қолданыстағы редакция | Ұсынылып отырған редакция | Негіздеме |
|--|----------------------|---|--|--|
| Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидалары | | | | |
| 1. | 1-тармақ | <p>1. Осы Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 386-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң), 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.</p> <p>Қағидалар бұрыннан бар жеке тұрғын үй, азаматтардың саяжай учаскелеріне және мемлекеттік орман қоры учаскелеріне және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қолданылмайды.</p> | <p>1. Осы Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 386-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» (бұдан әрі – Заң), 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.</p> <p>Қағидалар мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерге</p> | <p>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 12 қарашадағы №606 және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 691 «Жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын және «Ағаштарды кесуге</p> |

| | | | | |
|----|----------|--|--|---|
| | | | қолданылмайды. | |
| 2. | 2-тармақ | 2. Қағидалар Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау саласындағы тәртіпті айқындайды және қатынастарды реттейді және меншік түріне қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады. | 2. Қағидалар Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау саласындағы тәртіпті айқындайды және қатынастарды реттейді және меншік түріне қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады. | рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №235 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы |
| 3. | 3-тармақ | 3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады: 1) абаттандыру - сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылыстарын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитарлық тазалау бойынша) жиынтығы; 2) ағаштарды кесу – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы Заң) 2 - | 3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады: 1) абаттандыру - сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыпты пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайын жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтарды инженерлік дайындау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, кәріз, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабындар құрылыстарын дамыту, монументті өнердің шағын сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, көгалдандыруды жобалау, шу деңгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, ашық су айдындары мен топырақты ластанудан қорғау бойынша) және көрсетілетін қызмет (аумақтарды құрғатуға және көгалдандыруға тазалау, жинау, санитарлық тазалау бойынша) жиынтығы; 2) ағаштарды кесу – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы Заң) 2 - тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты | |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | <p>қосымшаның 159 - тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс;</p> <p>3) дендрологиялық жоспар – құрылыс салу аймағын ескере отырып көкжелектердің, алаңқайлардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұтақ өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді отырғызу жоспары;</p> <p>4) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;</p> <p>5) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сүңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктегі діндерін кесу;</p> <p>6) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;</p> <p>7) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи өскен және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер;</p> | <p>бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу бойынша жұмыс;</p> <p>3) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу.</p> <p>4) дендрологиялық жоспар – құрылыс салу аймағын ескере отырып көкжелектердің, алаңқайлардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелерімен үйлесімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланып отырған ағаш-бұтақ өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді отырғызу жоспары;</p> <p>5) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;</p> <p>6) жасарту – қаңқалы және жартылай қаңқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғау салдарынан өзінің декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сүңгекті жасарту үшін жарамды ересек ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктегі діндерін кесу;</p> | |
|--|--|--|--|--|

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| | | <p>8) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;</p> <p>9) жасыл екпелерді зақымдау - ағаш-бұтақ өсімдіктерінің бөрікбасына, діңіне, тамыр жүйесіне, шөпті өсімдіктердің жер үсті бөлігі мен тамыр жүйесіне өсімін тоқтатуға алып келмейтін залал келтіру. Тамыр жүйесінің механикалық, термиялық немесе химиялық зақымдануы, тамыр қыртысы тұтастығының, топырақ үсті жамылғысы тұтастығының бұзылуы және залалдың өзге де түрін келтіру зақымдану болып табылады;</p> <p>10) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау – жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және өсіруге (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;</p> <p>11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;</p> <p>12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зең ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) % – дан астамы аурулардан зақымданған болса, олар міндетті түрде кесілуі тиіс;</p> <p>13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын санау) – көгалдандыру объектілерінің сандық және</p> | <p>7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағашы бар көгалдандырылған аумақ;</p> <p>8) жасыл екпелер – азаматтық заңнамаға сәйкес жылжымайтын мүлік болып табылатын және қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайтын табиғи өскен және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер;</p> <p>9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;</p> <p>10) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау – жасыл екпелерді, көгалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құруға, сақтауға және өсіруге (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемдік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;</p> <p>11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;</p> <p>12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілері мен ошақтарының болуын, діндерде, тамыр жүйесі мен ұшарбаста зең ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) % – дан астамы аурулардан зақымданған болса, олар міндетті түрде кесілуі тиіс;</p> <p>13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын санау) – көгалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық көрсете отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру</p> | |
|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|--|--|---|--|--|
| | | <p>сапалық сипаттамаларын толық көрсете отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарлы негізде әрбір көгалдандыру элементін графикалық бейнелеу;</p> <p>14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;</p> <p>15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы учаскеде орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыстармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;</p> <p>16) көгалдандырылған аумақ – табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері және объектілер, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлдер орналасқан жер учаскесі;</p> <p>17) күтіп-баптау– өсімдіктердің жерасты бөлігін және топырағын күтіп-баптау (қоректендіру, суару, қопсыту және өзге де іс-әрекеттер);</p> <p>18) өтемдік отырғызу жоспары - отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сонымен қатар жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;</p> <p>19) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы учаскелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;</p> <p>20) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға,</p> | <p>элементін графикалық бейнелеу;</p> <p>14) жасыл екпелер тізілімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;</p> <p>15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы учаскеде орналасқан және шаруашылық пен басқа да құрылыстармен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі жеке (отбасымен) тұруға арналған үй;</p> <p>16) көгалдандырылған аумақ – табиғи жолмен өніп шыққан өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-саябақ кешендері және объектілер, бульварлар, скверлер, көгалдар, гүлдер орналасқан жер учаскесі;</p> <p>17) күтіп-баптау – өсімдіктердің жерасты бөлігін және топырағын күтіп-баптау (қоректендіру, суару, қопсыту және өзге де іс-әрекеттер);</p> <p>18) өтемдік отырғызу жоспары - отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сонымен қатар жоспарлы негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;</p> <p>19) өтемдік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы учаскелерде кесілген ағаштардың орнына отырғызу;</p> <p>20) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;</p> <p>21) санитариялық кесу – авариялық жағдай туғызатын (электр беру желілерінде, газ</p> | |
|--|--|---|--|--|

| | | | | |
|--|--|---|---|--|
| | | <p>шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне көлік құралдарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;</p> <p>21) санитариялық кесу – авариялық жағдай туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында жатқан, ғимараттардың жамылғысын зақымдайтын, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін), ауырған, құрғай бастаған, құрғақ және зақымданған бұтақтарды кесу;</p> <p>22) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;</p> <p>23) уәкілетті орган – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері;</p> <p>24) ұйым – жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау саласында маманданып жүрген жеке немесе заңды тұлға;</p> <p>25) ұшарбасты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасарту мақсатында олардың солып қалуына әкеп соқтырмайтын, пішіндеуге келетін бұтақтар мен өркендерді, жекелеген ағаштарды, бұталарды және жолдағы екпелерді кесу;</p> <p>26) шағын сәулеттік нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар</p> | <p>құбырларында жатқан, ғимараттардың жамылғысын зақымдайтын, жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін), ауырған, құрғай бастаған, құрғақ және зақымданған бұтақтарды кесу;</p> <p>22) санитариялық кесу – жасыл екпелерді күтіп-ұстау санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), оның барысында жекелеген ауру, зақымданған, солып қалған және қураған ағаштар кесіледі;</p> <p>23) тротуар – жаяу жүргіншілердің жүруіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан көгалмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;</p> <p>24) уәкілетті орган – жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау мәселелерін реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;</p> <p>25) ұйым – жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау саласында маманданып жүрген жеке немесе заңды тұлға;</p> <p>26) шағын сәулеттік нысандар – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, гүл құмыралары, павильондар, күркелер, отырғыштар, құтылар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);</p> <p>27) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі,</p> | |
|--|--|---|---|--|

| | | | | |
|----|----------|--|---|--|
| | | мен конструкциялар); 27) іргелес аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ; 28) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган белгілеген учаскелерде жүзеге асырылатын, ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу бойынша жұмыс. | иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ; 28) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган белгілеген учаскелерде жүзеге асырылатын, ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу бойынша жұмыс; 29) ағаштарды заңсыз кесу – уәкілетті органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу; 30) мәжбүрлі кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның рұқсатынсыз ағаштарды кесу. | |
| 4. | 4-тармақ | 4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, барлық жасыл екпелер аталған учаскелерде қалалар мен елді мекендердің қорғалуы тиіс бірыңғай жасыл қор құрады. | 4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй және жеке меншік қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, барлық жасыл екпелер аталған учаскелерде қалалар мен елді мекендердің қорғалуы тиіс бірыңғай жасыл қор құрады. | |
| 5. | 5-тармақ | 5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалдандырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі. | 5. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің көгалдандырылған аумақтарын дамыту дендрологиялық жоспарға сәйкес жүргізіледі. | |
| 6. | 6-тармақ | 6. Нысандарды жобалау және салу кезінде нысан құрылысын салуға бөлінген жер телімінің кем дегенде 20% аумағын көгалдандыруды қарастыру қажет. | 6. Нысандарды жобалау және салу кезінде нысан құрылысын салуға бөлінген жер телімінің кем дегенде 20% аумағын көгалдандыруды қарастыру қажет. | |
| 7. | 7-тармақ | 7. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы көгалдандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан | 7. Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көзделген аумақтардағы көгалдандыру жөніндегі барлық жұмыс түрлері бекітілген жобалар бойынша орындалады. Аталған жұмыс түрлері Қазақстан Республикасының сәулет, қала | |

| | | | | |
|-----|-----------|--|---|--|
| | | Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | |
| 8. | 8-тармақ | 8. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау мынадай жұмыс түрлерін қамтиды: 1) жасыл екпелерді отырғызу; 2) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту, ағаштарды ақтау, жасыл қоршамды қию, ағаштардың діңіні көтеру, ағаш өскіндерін жою; 3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстау; 4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару; 5) авариялық, құрғаған, жасамыс ағаштарды және бұталарды санитариялық кесу, ұшарбасты қалыптастыру; 6) тыңайтқыштар салу; 7) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу. | 8. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау мыналарды қамтиды: 1) жасыл екпелерді отырғызу; 2) ағаштардың діңгек қуысын орнатумен қыртыстарды қопсыту, ағаштарды ақтау, жасыл қоршамды қию, ағаштардың діңіні көтеру, ағаш өскіндерін жою; 3) гүлзарлар, көгалдарды орналастыру, арамшөптерді отау, шөптерді шабу, қысқы кезеңде раушан гүлдерін жауып ұстау; 4) бүкіл вегетациялық кезең бойы жасыл екпелерді суару, жазғы маусымда аптада екі рет суарылады; 5) ұшарбасты қалыптастыру; 6) жасарту; 7) тыңайтқыштар салу; 8) жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу; 9) авариялық, құрғаған, жасамыс ағаштарды және бұталарды санитариялық кесу. | |
| 9. | 9-тармақ | 9. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл ішінде арнайы қайта отырғызу технологиялары сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді ұласып өсуі мақсатында оларды күз түскен кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады. | 9. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл ішінде арнайы қайта отырғызу технологиялары сақталған жағдайда жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді ұласып өсуі мақсатында оларды күз түскен кезеңнен бастап көктемнің бас кезіне дейін отырғызу ұсынылады. | |
| 10. | 10-тармақ | 10. Ағаштарды жасарту және қалың өскен ағаштарды сирету іс-шаралары вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында | 10. Ағаштарды жасарту және қалың өскен ағаштарды сирету іс-шаралары вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында | |

| | | | |
|-----|-----------|--|---|
| | | жүргізіледі. | жүргізіледі. |
| 11. | 11-тармақ | 11. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы учаскеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы қорғаныш қоршауларымен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады. | 11. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде осы учаскеде сақтауға жататын барлық екпелер олардың тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін арнайы қорғаныш қоршауларымен механикалық және өзге де зақымданулардан қорғалады. |
| 12. | 12-тармақ | 12. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі. | 12. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінетін учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы Заңға сәйкес уәкілетті органның келісімі бойынша жүргізіледі. |
| 13. | 13-тармақ | 13. Қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіруді 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес азаматтар, лауазымды және заңды тұлғалар жүзеге асырады. | 13. Қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіруді Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес азаматтар, лауазымды және заңды тұлғалар жүзеге асырады. |
| 14. | 14-тармақ | 14. Жасыл екпелердің барлық түрі есепке алынады. | 14. Жасыл екпелердің барлық түрі есепке алынады. |
| 15. | 15-тармақ | 15. Жасыл екпелерді есепке алу осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізілетін, есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу арқылы жүзеге асырылады. | 15. Жасыл екпелерді есепке алу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелер тізіліміне енгізілетін, есепке алу объектісінің шекарасында орналасқан жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу арқылы жүзеге асырылады. |
| 16. | 16-тармақ | 16. Уәкілетті орган жасыл екпелер тізілімін және оларды есепке алуды жүргізеді. | 16. Уәкілетті орган жасыл екпелер тізілімін және оларды есепке алуды жүргізеді. |
| 17. | 17-тармақ | 17. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижесін көрсететін құжат ресімделген түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ дендрологиялық жоспар болып табылады. | 17. Жасыл екпелерді есепке алу нәтижесін көрсететін құжат ресімделген түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ дендрологиялық жоспар болып табылады. |
| 18. | 18-тармақ | 18. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау | 18. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау |

| | | | | |
|-----|-----------|--|---|--|
| | | бойынша қызметтерді, сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдар жүзеге асырады. | бойынша қызмет көрсетуді , сондай-ақ жалпыға ортақ жерлердегі жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу жүргізуді ұйымдар жүзеге асырады. | |
| 19. | 19-тармақ | 19. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратына жібереді. | 19. Уәкілетті орган жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарының көшірмесін жасыл қормен жұмыс істеу кезінде ұсыным ретінде пайдалану үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі аппаратына жібереді. | |
| 20. | 20-тармақ | 20. Қалың өскен жасыл екпелер өздігінен құлаған кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру уәкілетті органның бекітілген дендрологиялық жоспарына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. | 20. Қалың өскен жасыл екпелер өздігінен құлаған кезде жасыл екпелерді қалпына келтіру уәкілетті органның бекітілген дендрологиялық жоспарына сәйкес жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. | |
| 21. | 21-тармақ | 21. Ағаштарды кесу мынадай: 1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету; 2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникацияларына қызмет көрсету; 3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою; 4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі; 5) адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал | 21. Ағаштарды кесу мынадай: 1) бекітілген және келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету; 2) инженерлік абаттандыру объектілеріне, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникацияларына қызмет көрсету; 3) авариялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою; 4) бұрыннан бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелердің сапалық және түрлік құрамын жақсарту қажеттігі; 5) адамдардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне залал келтіретін | |

| | | | |
|-----|-----------|--|---|
| | | келтіретін ағаштарды санитариялық кесу; б) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өскен жағдайларында жүзеге асырылады. | ағаштарды санитариялық кесу жағдайларында жүзеге асырылады; б) ағаштар мен бұталар жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өсіп тұрған кезде. |
| 22. | 22-тармақ | 22. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыстарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы санитариялық тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін учаскелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады. | 22. Ағаштарды кесуді уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер учаскесінде қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді. |
| 23. | 23-тармақ | 23. Жалпыға ортақ жерлердегі ағаштарды кесуді уәкілетті органның рұқсатымен осы жер учаскесінде қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді. | 23. Жалпыға ортақ жерлердегі және ғимараттарға, құрылыстарға, көп қабатты тұрғын үйлерге іргелес аумақтардағы желдің және табиғи сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авариялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақтылы тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қызмет көрсететін учаскелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады. |
| 24. | 24-тармақ | 24. Жалпыға ортақ жерлердегі ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органның келісімімен осы жер учаскесінде қызмет көрсететін ұйымдар жүргізеді. Ағаштардың өздері, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен үй-жайлардың, коммуникациялардың зақымдалуына, жол қозғалысы (оның ішінде жол жүру белгілерін жауып тұрса) қауіпсіздігіне қауіп төндіретін | 24. Авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінсіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мынадай жағдайларда жүргізіледі: ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың бүлінуіне қауіп төндіреді; |

| | | | | |
|-----|-----------|--|--|--|
| | | төтенше немесе апатты жағдайлардың туындауы мүмкін жағдайларда ағаштарды кесу уәкілетті органның келісімінсіз жүргізіледі. | жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзбен шолуды жабатын кедергілер. Ағаштарды санитариялық немесе мәжбүрлі кесу фактісі төтенше жағдайлар органдарының құтқару қызметінің куәландыру актісімен айғақталады, кейін уәкілетті органға мәжбүрлі кескен сәттен бастап үш жұмыс күн ішінде хабарланады. | |
| 25. | 25-тармақ | 25. Ағаштарды санитариялық немесе мәжбүрлі кесу фактісі төтенше жағдайлар органдарының құтқару қызметінің куәландыру актісімен айғақталады, келіннен уәкілетті органға хабарланады. | 25. Жалпыға ортақ жерлердегі ағаштарды санитариялық кесуді және (немесе) кесуді осы жер учаскесіне қызмет көрсететін ұйым уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша жүргізеді. | |
| 26. | 26-тармақ | 26. Ағаштарды кесу кесілген ағаштардың орнына жеке және заңды тұлғалардан өтемдік отырғызу туралы кепілхат ұсынылған жағдайда уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте, жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті орган ағаштарды кесуге рұқсат беру құжаттарында көрсеткен учаскілерге қайта отырғызылады. | 26. Ағаштарды кесу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, кесілген ағаштардың орнына жеке және заңды тұлғалардан өтемдік отырғызу туралы кепілхат ұсынылған жағдайда уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылады. | |
| 27. | 27-тармақ | 27. Ағаштарды қалпына келтіру арнайы учаскелерде қаланың немесе елді мекеннің өтемдік ағаш отырғызу жоспарына сәйкес, қажет болған жағдайда жерін құнарлы топыраққа ауыстыра отырып жүргізіледі. | 27. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті орган көрсеткен учаскілерге қайта отырғызылады. | |
| 28. | 28-тармақ | 28. Өтемдік отырғызу ағашты кесуге мүдделі болған азаматтар мен заңды тұлғалар есебінен жүргізіледі. | 28. Ағаштарды қалпына келтіру арнайы учаскелерде қаланың немесе елді мекеннің өтемдік ағаш отырғызу жоспарына сәйкес, | |

| | | | | |
|-----|-----------|---|--|--|
| | | | қажет болған жағдайда жерін құнарлы топыраққа ауыстыра отырып жүргізіледі. | |
| 29. | 29-тармақ | 29. Ағаштарды кесу кезінде ағаштарды өтемдік отырғызу, биіктігі 2 метрден кем емес жапырақ тұқымдас, ал 1,5 метрден кем емес қылқан жапырақты ағаштардың көшеттерін отырғызу жолымен жүргізіледі. | 29. Өтемдік отырғызу ағашты кесуге мүдделі болған азаматтар мен заңды тұлғалар есебінен жүргізіледі. | |
| 30. | 30-тармақ | 30. Уәкілетті органның рұқсаты бойынша ағаштарды кесу кезінде қалпына келтірілетін ағаштарды өтемдік отырғызу он есе көлемде жүргізіледі. | 30. Уәкілетті органның рұқсаты бойынша ағаштарды кесу кезінде қалпына келтірілетін ағаштарды өтемдік отырғызу он есе мөлшерде жүргізіледі. | |
| 31. | 31-тармақ | 31. Заңды және жеке тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді. Қайта отырғызулар ағаштардың солып қалуына әкеліп соққан жағдайда, бес есе көлемдегі өтемақы белгіленеді. | 31. Іргелес аумақтағы жасыл желектер жойылған жағдайда, қарамағында осы аумақ бар заңды немесе жеке тұлға өтемдік отырғызуды он есе мөлшерде жүргізеді. | |
| 32. | 32-тармақ | 32. Ағаштарды өтемдік отырғызуды заңды және жеке тұлғалар өздерінің жеке меншік жерлерінде немесе маңындағы аумақтарда өз беттерінше, ал ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде көгалдандыруды, жасыл екпелерді күтіп-ұстауды жүзеге асыратын ұйымды қатыстыра отырып, жалпыға ортақ жерлерде жүзеге асырады. Заңды және жеке тұлғалар ағаштардың өтемдік отырғызу жұмыстарын аяқтаған соң ағаштарды кесуге рұқсат алу кезінде берілген кепілдік хатқа сәйкес уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы хабардар етеді. Екі жыл уақыт өткен соң уәкілетті орган ұласып өскен ағаштарды жасыл екпелер тізіліміне енгізеді. | 32. Ағаштарды заңсыз кесу, жою, бүлдіру немесе жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бұзған жеке немесе заңды тұлға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапты болады және жиырма есе мөлшерде ағаштарды өтемдік отырғызуды жүргізеді. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген ағаштар заңсыз кесілген, жойылған, бүлінген жағдайда ағаштарды өтемдік отырғызу отыз есе мөлшерде жүргізіледі. | |

| | | | | |
|-----|-----------|--|---|--|
| 33. | 33-тармақ | 33. Отырғызылған ағаш көшеттері солып қалған жағдайда, ағаштарды кесуге мүдделі болған тұлғалар немесе ұйым жасыл екпелерді қайтадан отырғызуды жүзеге асырады және ағаштарды отырғызған кезден бастап екі жылдың ішінде (ағаш көшетінің ұласып өсу кезеңі) олардың одан әрі күтіп бапталуын қамтамасыз етеді. | 33. Ағаштарды өтемдік отырғызу биіктігі кемінде 2,5 метр кесекпен немесе биіктігі кемінде 2 метр кесекпен қылқан жапырақты ағаштардың көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі. Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен дінінің диаметрі кемінде 3 сантиметр, дің бөлігінің 1,3 метр биіктігінде. | |
| 34. | 34-тармақ | 34. Өтемдік отырғызу мүмкін болмаған жағдайда жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелген кінәлілер жасыл қорға келтірілген залалды өтемдік отырғызудың, екі жылдың ішінде күтіп-ұстаудың және күтіп баптаудың сәйкесінше құнымен ақшалай өтейді. | 34. Заңды және жеке тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізілмейді. Егер қайта отырғызу ағаштардың солып қалуына әкеліп соққан жағдайда, осы Қағидалардың 32-тармағының талаптарына сәйкес өтемақының бес есе мөлшері белгіленеді. | |
| 35. | 35-тармақ | 35. Осы Қағидалардың сақталуын бақылауды және өз құзыреттерінің шегінде шаралар қабылдауды ішкі істер органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылықтары саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады. | 35. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, жою немесе бүлдіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бүлдіру орнынан 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі. Өтемдік отырғызу үшін кесу орнынан 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді. Ағаштарды амалсыз кесу кезінде өтемдік отырғызу көгалдандыруды, жасыл желектерді күтіп-ұстауды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын ұйымды тарта отырып, жалпы пайдаланымдағы жерлерде жүргізіледі. | |
| 36. | 36-тармақ | 36. Осы Қағидалардың бұзылуына жол берген, жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына | 36. Заңды және жеке тұлғалар ағаштардың өтемдік отырғызу жұмыстарын аяқтаған соң ағаштарды кесуге рұқсат алу кезінде берілген | |

| | | | |
|-----|-----------|-----------------------------------|---|
| | | сәйкес жауапкершілікке тартылады. | кепілдік хатқа сәйкес уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындалғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді. |
| 37. | 37-тармақ | | 37. Осы Қағиданың 8 тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес, кепілдік хатқа сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап екі жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді. |
| 38. | 38-тармақ | | 38. Екі жыл өткеннен кейін өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органмен бірлесіп ағаштардың жерсіну актісін жасайды және одан әрі күтіп-ұстау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органының теңгеріміне береді. Уәкілетті орган өскен ағаштарды жасыл желектер тізіліміне енгізеді. |
| 39. | 39-тармақ | | 39. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген тұлғалар немесе ұйым жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап екі жыл бойы (ағаш көшетінің жерсіну кезеңі) күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс-шараларды қамтамасыз етеді. |
| 40. | 40-тармақ | | 40. Осы Қағидалардың сақталуын бақылауды және өз құзыреттерінің шегінде шаралар қабылдауды ішкі істер органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ орман, балық және аңшылық шаруашылықтары саласындағы уәкілетті органдар жүзеге асырады. |
| 41. | 41-тармақ | | 41. Осы Қағидалардың бұзылуына жол берген, |

| | | <table border="1"> <tr> <td>м²</td> <td>дық,</td> <td>рлік,</td> <td></td> <td>рий,</td> <td>дана</td> <td>, м²</td> <td>м²</td> <td>ының</td> <td>/дана</td> </tr> <tr> <td>м²</td> <td>м²</td> <td>дана</td> <td></td> <td>рокарий,</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>жамыл</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>м²</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>ғысы,</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>м²</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>м²</td> <td></td> </tr> </table> | м ² | дық, | рлік, | | рий, | дана | , м ² | м ² | ының | /дана | м ² | м ² | дана | | рокарий, | | | | жамыл | | | | | | м ² | | | | ғысы, | | | | | | м ² | | | | м ² | | <table border="1"> <tr> <td>зғы</td> <td>жыл</td> <td>ейне</td> <td>н, м²</td> <td>рий,</td> <td>ы м² /</td> <td>ерлік</td> <td>мгі,</td> <td>қыртыс</td> <td>ы м²</td> </tr> <tr> <td>м²</td> <td>дық,</td> <td>рлік,</td> <td></td> <td>рокарий,</td> <td>дана</td> <td>, м²</td> <td>м²</td> <td>ының</td> <td>/дана</td> </tr> <tr> <td></td> <td>м²</td> <td>дана</td> <td></td> <td>м²</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>жамыл</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>ғысы,</td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>м²</td> <td></td> </tr> </table> | зғы | жыл | ейне | н, м ² | рий, | ы м ² / | ерлік | мгі, | қыртыс | ы м ² | м ² | дық, | рлік, | | рокарий, | дана | , м ² | м ² | ының | /дана | | м ² | дана | | м ² | | | | жамыл | | | | | | | | | | ғысы, | | | | | | | | | | м ² | | |
|----------------|----------------|---|--|----------------|--------------------|------------------|----------------|----------------|------------------|----------------|------|-------|----------------|----------------|------|--|----------|--|--|--|-------|--|--|--|--|--|----------------|--|--|--|-------|--|--|--|--|--|----------------|--|--|--|----------------|--|---|-----|-----|------|-------------------|------|--------------------|-------|------|--------|------------------|----------------|------|-------|--|----------|------|------------------|----------------|------|-------|--|----------------|------|--|----------------|--|--|--|-------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|-------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|----------------|--|--|
| м ² | дық, | рлік, | | рий, | дана | , м ² | м ² | ының | /дана | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| м ² | м ² | дана | | рокарий, | | | | жамыл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | м ² | | | | ғысы, | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | м ² | | | | м ² | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| зғы | жыл | ейне | н, м ² | рий, | ы м ² / | ерлік | мгі, | қыртыс | ы м ² | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| м ² | дық, | рлік, | | рокарий, | дана | , м ² | м ² | ының | /дана | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | м ² | дана | | м ² | | | | жамыл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | ғысы, | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | м ² | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 43. | 2-қосымша | жоқ | <p>Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларына 2-қосымша Нысан</p> <p>Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның басшысы</p> <p>_____</p> <p>(тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты, мемлекеттік органның атауы)</p> <p>_____</p> <p>(жеке тұлғаның тегі, аты, ол бар болған жағдайда әкесінің аты не көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлға ұйымының атауы) және (немесе) сенімхат бойынша)</p> <p>_____</p> <p>(ЖСН/БСН) мекенжайы</p> <p>_____</p> <p>(заңды мекенжайы немесе тұрғылықты жері) байланыстар</p> <p>_____</p> <p>(электрондық мекенжайы, телефон)</p> <p>Кепілдік хат</p> <p>_____</p> <p>(жеке немесе заңды тұлғаның атауы) _____ дана көлемінде өтемдік ағаш отырғызуды жүргізуге кепілдік береді, _____</p> <p>_____ тұқымдылар, ағаштардың орнына _____ дана, _____ үшін кесілетін</p> <p>_____ тұқымдар _____ мекен-жайы</p> | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | |
|--|--|--|--|--|
| | | | <p>бойынша: (себебі көрсетіледі) _____ 20 жылғы " " жасыл желектерді зерттеу актісіне сәйкес. Отырғызылған көшеттер жойылған жағдайда, қайта отырғызуға кепілдік береді. Өтемдік отырғызу сәтінен бастап екі жыл ішінде, тармақшаларға сәйкес көшеттерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге кепілдік береді 4), 5), 6), 7) және жасыл желектерді күтіп-ұстау мен қорғау ережесінің 7-тармағының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және екі жыл өткеннен кейін оларды ағаштардың жерсіну актісі негізінде жергілікті атқарушы органның теңгеріміне берсін.</p> <p>_____ (жеке немесе заңды тұлғаның атауы) жасыл желектерді күтіп ұстау және қорғау ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жауапкершілікке тартылатыны хабарланды. Күні: 20__ ж. " __ " _____</p> <p>_____ Басшының Т. А. Ә. және қолы (мөрі бар болса)</p> | |
|--|--|--|--|--|

**«Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы»
ММ басшысы**

Н. Алдияров